

Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан Мемлекеттік
университеті

СӨЖ

**Тақырыбы: «Суверенді мемлекеттің негізі. Қазақстанның
экономикалық гүлденуі»**

Орындаған: Ин(о)-16к



Мақсаты

- 0 1) Студенттерді суверенді мемлекеттің негіздерімен таныстыру.
- 0 2) Қазақстанның нарықтық экономикаға көшуінің кезеңдерін қарастыру.
- 0 3) Студенттерді тұңғыш мемлекеттік рәміздермен таныстыру.

Жоспары

- 0 1. Суверенді сөзінің мәні.
- 0 2. Суверенді мемлекеттің негізі.
- 0 3. Қазақстанда нарықтық экономикаға көшудің кезеңдері
- 0 4. Қазақстан аймақтарының әлеуметтік-экономикалық даму үрдісі.
- 0 5. Қорытынды

СУВЕРЕНДІ - француз тілінен аударғанда souverain- жоғарғы, тәуелсіз, ерікті



Суверенді мемлекеттің негізі- рәміздер: Ту, Елтаңба, Әнұран

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРІ

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы



Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы



Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні

*Сөзін жазғандары:
Жұмыс Нәзімбетов,
Нұрсұлтан Назарбаев
Әнін жазған: Шәкәт Келдібай*

Алтын күн аянамы,
Алтын дән аламы,
Ерліктің дастаны,
Еліме қараны!
Ежелден ер деген,
Дарымыз шықты той,
Намысың бермеген,
Қалаған мықты той!

Қайырмасы:
Менің елім, менің елім,
Гүлім болып өсілемін,
Жырым болып тегілемін, елім!
Туған жерім менің - Қазақстаным!

Урпаққа жол ашсаң,
Көң байтық жерім бар,
Бірлігі жарасқан,
Тәуелсіз елім бар,
Қарсы алған ұзақты,
Мәңгілік досымдай,
Білім ел бақытты,
Біздің ел осындай!

Қайырмасы:
Менің елім, менің елім,
Гүлім болып өсілемін,
Жырым болып тегілемін, елім!
Туған жерім менің - Қазақстаным!

**Өз Отаныңның патриоты болу – бұл
Қазақстанды өз жүрегіңде ұялату**
Н. Назарбаев

**Быть патриотом своей Родины – это
носить Казахстан в своем сердце**
Н. Назарбаев

«Мемлекеттік рәміздер – бұл біздің мемлекетіміздің, біздің егемендігіміздің берік негізінің бірі. Олар Тәуелсіздіктің қасиетті біріктіруші образын білдіреді».

Нұрсұлтан Назарбаев

«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық Заң **2007** жылы **4** маусымда қабылданды. Осы Заңға сәйкес жыл сайын 4 маусым Қазақстан Республикасында Мемлекеттік рәміздер күні ретінде мерекеленеді.

Мемлекеттік рәміздер – бұл кез келген мемлекеттің егемендігі мен біртұтастығын бейнелейтін, оның ажырағысыз атрибуттарының бірі. Қазақстан Республикасында Мемлекеттік ту, Мемлекеттік елтаңба және Мемлекеттік әнұран мемлекеттік рәміздер болып табылады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы

Қазақстан Республикасының мемлекеттік туы – ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген тік бұрышты көгілдір түсті мата. Тудың сабының тұсында ұлттық өрнек тік жолақ түрінде нақышталған. Күн, оның шұғыласы, қыран және ұлттық өрнек бейнесі алтын түстес.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік туының авторы – Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері Шәкен Ниязбеков.



Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы – дөңгелек нысанды және көгілдір түс аясындағы шаңырақ түрінде бейнеленген, шаңырақты айнала күн сәулесіндей тарап уықтар шаншылған. Шаңырақтың оң жағы мен сол жағында аңыздардағы қанатты пырақтар бейнесі орналастырылған. Жоғарғы бөлігінде – бес бұрышты көлемді жұлдыз, ал төменгі бөлігінде «Қазақстан» деген жазу бар. Жұлдыздың, шаңырақтың, уықтардың, аңыздардағы қанатты пырақтардың бейнесі, сондай-ақ «Қазақстан» деген жазу – алтын түстес.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік елтаңбасының авторлары – белгілі сәулетшілер Жандарбек Мәлібеков пен Шот-Аман Уәлиханов.



Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны

Бұрын «Менің Қазақстаным» әні ретінде танымал болған Қазақстанның әнұраны Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасы бойынша 2006 жылы 6 қаңтарда еліміздің Парламентінде бекітілді. Бірінші рет ол 2006 жылы 11 қаңтарда Мемлекет басшысының салтанатты ұлықтау рәсімінде орындалды.

Музыкасы – композитор Шәмші Қалдаяқовтікі, сөзі – Жұмекен Нәжімеденов пен Нұрсұлтан Назарбаевтікі



Қазақстанда нарықтық экономикаға көшудің
алғашқы кезде 4 кезеңі белгіленді.

Бірінші кезең — 1991—1992 жылдар

Екінші кезең — 1993—1995 жылдар

Үшінші кезең — 1996—1998 жылдар

Төртінші кезең 1999 жылдан басталады

Бірінші кезең — 1991—1992 жылдар

Мемлекет дағдарыстан шығудың жолдарын қарастыра бастады. Оның ең бастысы — бағаны ырықтандыруды белгілі бір жүйеге келтіру еді. Қазақстанда ырықтандыру 1992 ж. мұнайдың, мұнайдан шығатын өнімдердің, басқа да энергия көздерінің бағасы әлемдік бағаға дейін жоғарылауы керек деген ұранмен жүргізілді. Осының нәтижесінде әр кәсіпкер, әр кәсіпорын ең жоғары таза пайда алғысы келді. Сөйтіп баға шарықтап өсті, елдің экономикасы бағаның шарықтап өсу кесірінен төмен түсіп кетті. Бағаны ырықтандырудан кейінгі екінші атқарылған іс — жекешелендіру. . Алғашқы кезеңнің барысында 1991—1992 жылдары 5000-ға жуық нысандар жекешелен-дірілді, олардың қатарында ұжымдық меншікке берілген 470-тен астам кеңшар болды



Екінші кезең — 1993—1995 жылдар

“Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен мемлекеттік меншікті жекешелендірудің 1993—1995 жылдарға арналған Ұлттық бағдарламасы” негізінде жүргізілді. Бұл кезеңнің аса маңызды қадамы мемлекеттік меншікті басқару мен жекешелендірудің біртұтас жүйесі болды. Сол кезде шағын және орта бизнесті дамытуға белгі берілді. Көтерме-сауда буынын қоса алғанда бұрынғы кеңестік сауда жүйесін өзгерту басталды. Қызмет көрсету саласында бәсекелестік орта пайда болды.



Үшінші кезең — 1996—1998 жылдар

Үшінші кезең 1995 жылғы желтоқсанда заң күші бар “Жекешелендіру туралы” Жарлықпен басталып, 1999 жылға дейін жалғасты. Осы сәттен бастап ол тек ақша қаражатымен жүзеге асырылды. 1999 жылдан кейін бірінші кезекке мемлекеттік мүлікті басқаруды жетілдіру мәселелері шықты



Төртінші кезең 1999 жылдан бастап

Төртінші кезеңде мемлекеттік меншікті басқару және онымен айналысу мәселелері бойынша мемлекеттік органдар арасындағы өкілеттіктерді бөлуге жаңа көзқарас қолданыла бастады. Республикалық мемлекеттік және коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарды оңтайландыру басталды. Елдің экономикалық қауіпсіздігін анықтайтын экономиканың стратегиялық маңызды секторларына мемлекеттің ықпалы мен ондағы үлесі ұлттық компаниялар арқылы сақталды. Мұнай-газ секторында — бұл “ҚазМұнайГаз”, энергетикада — “КЕГӨК”, телекоммуникацияда — “Қазақтелеком”, темір жолда — “Қазақстан темір жолы”. Бірақ жекешелендіру барысында да кемшіліктер орын алды.



ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ



Қазақстан аймақтарының әлеуметтік-экономикалық даму үрдісі

Аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы – көп өлшемді және көп аспектілі процесс және әртүрлі әлеуметтік және экономикалық мақсаттардың жиынтығы көзқарасынан қарастырылады. Аймақтардың даму деңгейі жалпы мемлекеттің даму деңгейін анықтайды. Осы тұрғыдан елдің аймақтық дамуының негізгі үрдістерін анықтау өте маңызды болып табылады. Қазіргі кезде негізгі шаруашылық қызмет аймақтарда жүзеге асырылады. Оларға экономикалық проблемаларды шешу, сыртқы экономикалық және аймақ аралық қарым-қатынастарды өз бетімен орнату құқығы берілген. Қазақстан Республикасының әр аймағы өзіне тән табиғи ресурстарға, оларды орналастыру ерекшелігіне, ұлттық және тарихи жағдайына, шаруашылық құрылымына, экономикалық даму деңгейіне, мамандандыруына ие. Қазақстан аймақтарының кейінгі жылдардағы әлеуметтік-экономикалық дамуына талдау жасау қалыптасқан үрдістің жағымды және жағымсыз тұстарын анықтауға мүмкіндік берді

Қорыта келе айтқанда тәуелсіздік жылдары Қазақстанда алғашқы жылдардағы кездескен көптеген қиыншылықтар мен қайшылықтарға қарамастан экономиканы дамытуда, әлеуметтік мәселелерді шешуде біршама жұмыстар атқарылды және елеулі табыстарға қол жетті. Соның нәтижесінде біздің еліміз ТМД мемлекеттерінің арасында өзінің әлеуметтік-экономикалық дамуы жағынан алдыңғы қатарға шығып отыр. Қазақстан бүгін әлемнің ең серпінді дамып келе жатқан елдерінің бірі саналады. Еліміз әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу мемлекеттің қатарына ену жөніндегі міндеттерді шешуде айтарлықтай ілгері жылжыды. Біздің мемлекет тәуелсіздіктің 25 жылында экономикалық, әлеуметтік қуатты реформаларды жедел де тиімді іске қосып, қай салада да ТМД елдері ішінде көшбасшы атанды.

Назар аударғандарыңызға рахмет!

